

Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыс және билікті асыра пайдалану құрбандары үшін әділ сот төрелігінің негізгі ұстанымдары туралы Декларация

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 ж. 29 қарашасындағы 40/34 қарарымен бекітілді

А. ҚЫЛМЫС ҚҰРБАНДАРЫ

1. «Құрбандар» термині астарында жекеше немесе ұжымдық түрде залал келтірілген, оның ішінде дене жарақаты немесе рухани залал, эмоционалдық азап, материалдық залал немесе билікті қылмысты түрде асыра пайдалануға тиым салатын заңдарды қоса алғанда, мүше мемлекеттердің қолданыстағы ұлттық қылмыстық заңдарын бұзатын әрекет немесе әрекетсіздік нәтижесінде негізгі құқықтарға айтарлықтай қысым көрсетілген тұлғалар деген мағына жатыр,

2. Осы Декларацияға сәйкес құқық бұзушы анықталғанынан, тұтқындалғанынан, сотқа төрелігінің қолына берілгенінен немесе сотталғанынан тәуелсіз, сонымен қатар құқық бұзушы мен құрбанның арасындағы туыстық қарым-қатынасқа тәуелсіз қандай да бір тұлға «құрбан» болып саналуы мүмкін. «Құрбан» терминінің құрамына тиісті жағдайларда тікелей құрбанның қамқорлығындағы адамдар немесе жақын туыстары, сонымен қатар құрбандарға жәрдем көрсетуге талпыну барысында немесе витимизацияның алдын алу барысында залал келтірілген және ауыр жағдайға тап болған тұлғалар да кіреді.

3. Осы Декларациядағы ережелер нәсілге, тері түсіне, жынысына, жасына, тіліне, діни сеніміне, ұлтына, саяси және тағы басқа да көзқарастарына, мәдени пікірі немесе тәжірибесіне, мүліктік, сословиелік немесе отбасылық жағдайына, этникалық немесе әлеуметтік тегіне және еңбекке қабілетіне тәуелсіз қандай да бір айырмашылықтардың ескерілуінсіз барлық тұлғаларға қатысты қолданылады.

Әділ сот төрелігіне қол жетімділік және әділетті қарау

4. Құрбандарға аянышпен қарап, олардың абыройын құрметтеу қажет. Олар әділ сот механизмдеріне қол жеткізуге және келтірілген залал үшін ұлттық заңнамаға сәйкес жедел түрде өтемақы алуға құқылы.

5. Қажет болған жағдайларда құрбандарға жедел әрі әділ түрде, қымбатқа түспейтін және қол жетімді түрде ресми немесе ресми емес рәсімдер арқылы өтемақы алу мүмкіндігін қамтамасыздандыру мақсатында соттық және әкімшілік механизмдерді құрып, оларды бекіту қажет. Осындай механизмдер көмегімен өтемақы алуға тырысқан құрбандарға олардың құқықтары туралы хабарлау қажет.

6. Соттық және әкімшілік іс-шаралардың көбінесе құрбандар қажеттіліктеріне мынай жолдар арқылы жауап беруге қолғабыс ету қажет:

а) құрбандарға соттың істі қарауының барысы мен мерзімі, көлемі туралы, олардың алатын орны, сол істердің қаралу нәтижесі туралы ақпаратты, әсіресе қатаң қылмыс жағдайларында, сонымен қатар осындай ақпарат сұралған кезде беруі тиіс.

б) олардың жеке мүдделері қозғалған кезде, айыпталушыларға келтірілер зардапсыз және қылмыстық соттың ұлттық жүйесіне сәйкес соттың істі қарау барысында құрбандарды өз пікірлері мен қалауын айту мүмкіндіктерімен қамтамасыздандыру;

с) басынан аяғына дейін соттың істі қарау барысында құрбандарға қажетті көмекті к ө р с е т у ;

д) келеңсіз жағдайлар немесе құрбандар санының артуына жол бермес үшін, қажет болған кезде және жағдайларда олардың жеке өмірлерін ұорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері, құрбандар тарапындағы куәлар мен оларды қорқытудан, алудан қорғау үшін шаралар қолдану;

е) істі қарау барысында себепсіз кідірістердің алдын алу және құрбандарға өтемақы төлеу туралы шығарылған шешімдер мен қаулыларды орындау;

7. Қажет болған жағдайда дауларды реттеудің делдалдық, арбитраж және қарапайым құқық соттары немесе жергілікті тәжірибе секілді ресми емес механизмдерін бейбіт келісімге келу және құрбандарға өтемақы беруге септігін тигізу үшін пайдалану қажет.

Реституция

8. Белгілі бір жағдайларда құқық бұзушылар немесе олардың іс-әрекеттері үшін жауапкершілік тартатын үшінші жақ тұлғалар құрбандарды, олардың отбасыларын немесе қамқорлығындағы тағы басқа да адамдарды әділ реституциямен қамтамасыздандыру қажет. Мұндай реституция мүлікті қайтару немесе келтірілген залал немесе зиян үшін төлемақы, виктимизация салдарынан болған шығындарды өтеу, қажетті қызметтермен қамтамасыз ету және құқықтарын қалпына келтіру сияқты і с - ш а р а л а р д ы қ а м т и д ы .

9. Үкіметтерге реституцияны басқа да қылмыстық санкцияларға қосымша қылмыстық істер бойынша қолданылатын жазалау шараларының бірі ретінде өз тәжірибесіне, ережелеріне, заңдарына енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет.

10. Қоршаған ортаға айтарлықтай ауыр зардап әкелген жағдайларда реституция құрамына, тиісті шешім шығарылған болса, мүмкіндігінше қоршаған ортаны мен инфрақұрылымды қайта қалпына келтіру, қауымның мүлігін алмастыру және келтірілген залал қауымның орын ауыстыруын талап еткен жағдайда көшуге байланысты шығындарды өтеу сияқты іс-шаралар енеді.

11. Мемлекеттік лауазымды тұлғалар немесе ресми немесе жартылай ресми түрде

әрекет ететін өкілдер ұлттық қылмыстық заңдарда бұзған жағдайда, құрбандар лауазымды тұлғалардың немесе келтірілген залалға жауапкершілік тартатын өкілдердің мемлекетінен реституция алуы қажет. Виктимизацияға әкеліп соққан әрекет немесе әрекетсіздік орын алған үкімет жоқ болған жағдайда, құрбандарды орын басушы үкіметпен немесе мемлекетпен қамтамасыздандырады.

Өтемақы

12. Құқық бұзушыдан немесе басқа да көздерден өтемақыны толықтай алу мүмкіндігі болмаған жағдайда, мемлекет қаржылай өтемақыны қамтамасыздандыру ш а р л а р ы н қ о л ғ а а л у ы т и і с :

а) аса ауыр қылмыстардың нәтижесінде айтарлықтай дене жарақаттарын алған немесе физикалық немесе психикалық денсаулығына зиян келген құрбандарға;

б) осындай виктимизация салдарынан қайтыс болған немесе физикалық немесе психикалық түрде іс-әрекетке қабілетін жоғалтқан тұлғалардың отбасыларына, қ а м қ о р л ы ғ ы н д а ғ ы а д а м д а р ғ а .

13. Құрбандарға өтемақы төлеу мақсатын көздейтін ұлттық қорларды құруда, нығайтуда және кеңейтуде көмек көрсету. Қажет болған жағдайда, құрбан болған тұлғаның азаматтығы тиесілі мемлекет құрбандарға келтірілген залалды өтеуге мүмкіндігі болмаған жағдайларда осы мақсатта басқа да қорлар құрылуы мүмкін.

Әлеуметтік көмек

14. Құрбандарға үкіметтік, ерікті, қауымдық және жергілікті арналар бойынша қажетті қаржылай, медициналық, психологиялық, әлеуметтік көмектер көрсетілуі қ а ж е т .

15. Құрбандарды медициналық және әлеуметтік қызметтердің және тағы басқа да көмектердің көрсетілуі туралы ақпараттандырып, оларды пайдалану мүмкіндігімен қ а м т а м а с ы з д а н д ы р у қ а ж е т .

16. Полиция, сот жүйесінің қызметкерлері, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызметтер қызметкерлері мен тағы басқа да қызметкерлерге құрбандардың мұқтаждықтарын түсінуге мүмкіндік беретіндей қажетті дайындықтан өтуі және де жедел жәрдем көрсетудің негізгі нұсқаулықтарын білуі тиіс.

17. Құрбандарға қызмет көрсету барысында келтірілген залал сипатымен немесе жоғарыда 3 тармақта айтылған факторлармен сипатталған ерекше мұқтаждықтары бар тұлғаларға ерекше назар аудару қажет.

В. БИЛІКТІ АСЫРА ПАЙДАЛАНУ ҚҰРБАНДАРЫ

18. «Құрбандар» термині астарында жекеше немесе ұжымдық түрде залал келтірілген, оның ішінде дене жарақаты немесе рухани залал, эмоционалдық азап, материалдық залал немесе нәтижесінде адам құқықтарына қатысты халықаралық деңгейде белгіленген нормалардың бұзылысы болып табылмайтын негізгі құқықтарға айтарлықтай қысым көрсетілген әрекет немесе әрекетсіздік тұлғалар деген мағына ж а т ы р ,

19. Мемлекеттерге билікті асыра пайдалануға тиым салатын және осындай асыра пайдаланушылық құрбандары үшін қорғаныс құралдарын қарастыратын ұлттық заңнамалық нормаларды енгізу туралы мәселені қарастыруы қажет. Мұндай іс-шаралар құрамына, негізінен реституцияға және/немесе өтемақыға құқық және қажетті медициналық, қаржылай, психологиялық және әлеуметтік көмек пен қолдау алу қ ұ қ ы ғ ы к і р е д і .

20. Мемлекеттерге анықтамасы 18 тармақта берілген құрбандарға қатысты жан-жақты халықаралық келісімшарттарды жасау мүмкіндігін қарастыру қажет.

21. Өзгермелі жағдайларға әсер ету қабілеттерін қамтамасыздандыруға арналған қолданыстағы заңдар мен тәжірибені белгілі бір мерзім аралығында қайта қарап, қажет болған жағдайда, саяси және экономикалық билікті асыра пайдаланудың аса ауыр түрлерін танытатын іс-әрекеттерге тиым салатын және осындай іс-әрекеттердің алдын алу шаралары мен механизмдерінің жүзеге асыруына ат салысатын заңнамалық ережелерді қабылдап, іске асыруы қажет, сондай-ақ осындай іс-әрекеттердің құрбанын құқықтық қорғау құралдары мен құқықтарын дамытып, кеңінен қолданылуын қамтамасыздандыруы қажет.